

К.А. Адилова<sup>1\*</sup> , С.К. Тасыбаева<sup>2</sup> , Б. Сапаров<sup>3</sup> <sup>1</sup> Қазақстан Республикасының Президент жанындағы  
Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясы  
Алматы қ., 050000, Қазақстан,<sup>2</sup> Қонаев университеті  
Алматы қ., 050000, Қазақстан,<sup>3</sup> Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Алматы қ., 050000, Қазақстан  
\*e-mail: [k.adilova@turau-edu.kz](mailto:k.adilova@turau-edu.kz)

## ТУРИСТІК ҚЫЗМЕТТІ РЕТТЕУДЕГІ ӘКІМШІЛІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕХАНИЗМДЕРДІҢ РӨЛІ: ҚАЗАҚСТАН МЕН ТҮРКИЯ МЕМЛЕКЕТІНІҢ ТӘЖІРИБЕСІ

### Андатпа

Туриндустрия еліміз үшін шағын және орта бизнесті дамыту, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, жұмыспен қамтуды және өзін-өзі жұмыспен қамтуды арттыру, барлық деңгейдегі бюджеттерге салық түсімдерін ұлғайту, тарих және туризм мәдениетін белсенді ұстану, дәстүрлі колөнерді ілгері жандандыру және т.б. сияқты маңызды факторларға оң әсер ететін сала болып табылады.

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2024 жылдың қаңтар-маусым айлары аралығында елімізге 566,5 мың турист саяхаттаған. Бұл 2023 жылмен салыстырғанда 50,7 мың адамға көп. 2023 жылдың алғашқы жартыжылдығында Қазақстанға 515,8 мың шетелдік турист келген.

Зерттеудің мақсаты – туристік қызмет саласындағы әкімшілік-құқықтық реттеудің теориялық-құқықтық негіздеріне кешенді талдау жүргізе отырып, отандық және шетелдік тәжірибені зерделеу, салыстырмалы талдау болып табылады. Туризм саласы әлем елдерінің әсіресе, Түркия, Малайзия, Египет, Үндістан, Таиланд, БАӘ, Испания, Франция, Греция және т.б. елдердің экономикасын дамытып отырған жетекші салаларының бірі болып табылады. Осы аталған елдердегі мемлекеттік қолдау есебінен туристік саланы дамытудың оң тәжірибесін алу және алмасу өз еліміздегі туристік инфрақұрылымды дамытуға және туристер үшін қолайлы жағдай жасау, сервистік қызмет көрсету сапасын арттыруға септігін тигізеді анық.

Туризмді әкімшілік-құқықтық реттеу механизмінде уәкілетті органдардың қолданыстағы туристік қызмет саласына қатысты заңнаманы қолданудың тиімділігі, сондай-ақ, олардың тарапынан мемлекеттік ықпал ету нысандары мен тәсілдерінің объективтілігі маңызды рөл атқарады.

Мақалада авторлар тарапынан туризмді әкімшілік-құқықтық реттеудің нормативтік базасын жетілдіру ұсынылады. Сондай-ақ, туризм саласындағы Қазақстан мен Түркия мемлекетінің заңнамалық актілерінің қолданылу аясына қатысты ерекшеліктері сараланады, сондай-ақ, туристік қызметті реттеуде елімізде мемлекеттік органдардың атқаратын қызметі мен құзыретіне көңіл бөлінеді.

**Негізгі сөздер:** туристік қызмет, экотуризм, этнотуризм, әкімшілік-құқықтық реттеу, мемлекеттік бақылау, турист, туроператор.

### Кіріспе

Қазақстан Республикасында туризм мен туристік қызмет ел экономикасының басым салаларының бірі ретінде танылады. Мемлекеттік органдардың туризмге мақсатты және жүйелі түрде ықпал етуі жалпы экономиканың дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасаудың ажырамас факторына айналуға. Осыған байланысты туризм мемлекеттің экономикаға қатысу дәрежесінің өзіндік көрсеткіші болып табылады, туризм саласын алға жылжыту арқылы мемлекет оның дамуын тиімді ынталандыра алады.

Алғаш рет 1989 жылы Гаагада өткен Туризм қызметіне қатысты парламентаралық конференцияда Гаага декларациясы қабылданды. Декларацияда белгіленген қағиданың бірі – осы туризм қызметі болатын және де мемлекеттік билік тарапынан туристік индустрияның аспектілері ескеріле отырып, аталған қызмет дәйекті негізде жоспарлануы қарастырылды.

Туризм туристердің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған барлық қызмет түрлерін өндіруді қамтитын туристік бизнес кәсіпкерлігінің белгілі бір аймағы [1]. Биылғы жылы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев туризмді

дамыту жөнiнде кеңес өткiзiп, онда туризм саласындағы бизнестi мемлекеттiк саясаттың перифериясынан шығарып, қайта елдiң экономикалық өсу драйверлерiнiң бiрiне айналдыру бағытында айрықша назар аударуды қажет ететiн бiрнеше басым бағытқа арнайы тоқталып, елiмiздiң географиялық тұрғыдан экотуризмды дамытуға қолайлы, этнотуризмды жетiлдiруде тарихи мұраларға бай екенiне қарамастан, өз құндылықтарымызды бағалай алмай отырғанымызды қатаң сынға алды [2]. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы былтырғы 2023 жылғы қыркүйек айындағы Жолдауында да: «Елiмiздiң туристiк әлеуетiн де пайдалану керек. Туризм осындай серпiндi жобалар қатарында болуға тиiс. Өкiнiшке қарай, осы маңызды саладағы жұмыс дұрыс атқарылмай жатыр, елiмiз басқа мемлекеттермен салыстырғанда артта қалып келедi» деп туризм саласының ақсап тұрғандығын жеткiзген болатын [3].

Сөзден iске кiрiсетiн тұста, туризм, туристiк агенттiктер жұмысының қандай да бiр принциптерiн белгiлейтiн заңнаманы жүйеге келтiрiлген нормативтiк база деп айту қиын. Iс жүзiнде туризм саласы елiмiзде құқықтық және экономикалық тұрғыда реттеудi қажет ететiн сала болып табылады.

Туризм саласын әкiмшiлiк-құқықтық реттеу тетiгiнде уәкiлеттi мемлекеттiк билiк органдары қолданатын нормативтiк-құқықтық актiлердiң базасы маңызды рөл атқарады. Туризм саласын құқықтық реттеуде Қазақстан Республикасындағы туристiк қызмет туралы 2001 жылғы 13 маусымдағы Заңы [4], Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Заңы [5], Қазақстан Республикасының туристiк саласын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы [6], «Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 3 сәуiрдегi Заңы [7] негiзге алынады.

Туристiк қызметтi құқықтық реттеу деп арнайы туристiк өнiмдi қалыптастыруға, танымал етуге және сатуға бағытталған iс-шаралар жүйесi түсiнiледi. Туризмдi құқықтық реттеудiң көрiнiсi заңнамалық деңгейде бекiтiлген мiндеттi құқықтық нормалар мен ережелердiң орындалуын мемлекеттiк бақылау болып табылады. Бақылау сонымен қатар туристiк қызметтiң заңдылығын анықтауда, қызметтердi тұтынушылардың құқықтарын қорғауда көрiнедi.

Туризм адамдардың қажеттiлiктерiн қанағаттандыруға және олардың өмiр сүру сапасын арттыруға бағытталған қазiргi заманғы экономика салаларының бiрi болып табылады. Туризм көлiктi, байланысты, қоғамдық тамақтану кәсiпорындарын, ойын-сауық және демалыс салаларын дамытуға ықпал ете отырып, шағын және орта кәсiпкерлiктi дамытуды қамтамасыз ете отырып, өңiрлердiң әлеуметтiк-экономикалық проблемаларын шешуде маңызды рөл атқарады. Отандық туризм әртүрлi мақсаттағы саяхатшыларға арналған сервистiк қызметтердiң халықаралық жүйесiне интеграцияланады және сол арқылы халықаралық ынтымақтастықты дамытуға ықпал етедi, халықтың мәдени деңгейiн арттырады.

Қазiргi уақытта отандық туризмнiң белсендi дамуы жүрiп жатыр. Туризмтану саласы әр түрлi ғылыми пәндердiң мүмкiндiктерi арқылы туризмге байланысты проблемалар кешенiне жүгiнудi көздейдi. Бұл ғылыми процесс, сөзсiз, мақаланың авторлары таңдаған және туризмнiң құқықтық негiзi контекстiндегi туристiк қызмет аспектiлерiн қамтитын зерттеу саласын қозғайды. Қолданыстағы зерттеулер туризм дефинициялары, оның түрлерi, туристiк қызметтiң ерекшелiктерiн анықтау саласында одан әрi жұмыс iстеудiң өзектiлiгi мен қажеттiлiгiн растайды.

### **Зерттеу материалдары мен әдiстерi**

Ғылыми мақаланы зерттеу барысында авторлар салыстырмалы-логикалық, синтездеу, тарихи-құқықтық жалпыға бiрдей танылған ғылыми әдiстердi, сондай-ақ, ресми-салыстырмалы арнайы құқықтық әдiстердi қолданған.

Мақаланы әзiрлеуде материалдар ретiнде «Қазақстан Республикасындағы туристiк қызмет туралы» заңы, туризмдi әкiмшiлiк-құқықтық реттеудiң нормативтiк базасы

қамтылып, туризмды дамытудағы шетелдердің тәжірибесі және заңнамалары, отандық ғылыми зерттеулер мен ресми статистикалық мәліметтер пайдаланылды.

### **Нәтижелер және оларды талқылау**

Қазақстан - туризм саласында әлеуеті жоғары ел. Алайда, белгілі бір бизнеске жаңа тәсілді ұстанып, заңнамалық деңгейде даму бағыттарын қаржыландыру және жоспарлау тұрғысынан көрсетіліп, туризм индустриясын басқарудың салалық-кластерлік моделіне толық көшуді жүзеге асыру қажет. Туристік кластердің дамуын мемлекеттік органдар аумақтық дамудың стратегиялық бағыты және инвестициялық тартымдылықты арттырудың негізгі факторларының бірі ретінде қарастырады.

Сонымен қатар, жекелеген өңірлердің туристік әлеуетін дамытуға жергілікті билік органдары арқылы туристік кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау ықпал етуі мүмкін. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары өз аймағының туристік әлеуетін жақсы біледі және туризмнің белгілі бір түріне қатысты кәсіпкерліктің дамуына тез жағдай жасай алады. Осы ретте, жергілікті бюджеттерді пайдалануды белгілі бір бөлікте орталықсыздандыру тиімді болып табылады, алайда, жергілікті қоғамдық ұйымдар мен жергілікті басқару органдарын тарту есебінен бөлінген қаражаттың игерілуін бақылауды күшейту қажет.

Қорытындылай келе, Қазақстанның туристік саласын дамытудың 2025 жылға дейінгі жаңа тұжырымдамасын іске асыру бұрын ерекше назар аудармаған туристік саланың бірқатар қағидаттық проблемаларын шешуге кірісуге мүмкіндік береді деген қорытынды жасауға болады. Осы негізде туризмді дамыту Елеулі қарқындылықтың жаңа кезеңіне өтуі мүмкін, нәтижесінде ол ел экономикасына айтарлықтай оң әсер етеді.

Туризм көптеген мемлекеттердің экономикасында өте маңызды рөл атқарады, атап айтсақ, тұрғылықты жұмыспен қамту және олардың өмір сүру деңгейін арттыруда маңызды ерекшелікке ие. Туризм индустриясы ел аумағында тұрғылықты халықтың тұрмыс деңгейіне және жұмыспен қамту мәселесінде жанама әсерге ие болады, сонымен қатар, елдің туристік өңірлерінде инфрақұрылымды, сервистік қызметті құруға және дамытуға ықпал етеді [8].

Туризм экономика және әлеуметтік-мәдени саланың бөлігі ретінде құқықтық реттеуді, оның ішінде туризм саласындағы қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілер жүйесін жетілдіруді талап етеді.

Әкімшілік-құқықтық реттеу механизмі дегеніміз басқару қатынастарында қоғам мен мемлекеттің міндеттеріне сәйкес ұйымдастырылатын әкімшілік-құқықтық құралдардың жиынтығы болып табылады. Ғалым Д.Н. Бахрах әкімшілік-құқықтық нормаларды «қоғамдық билік субъектілері жария атқарушы билік қызметінде туындайтын қатынастарды реттейтін белгілі бір санкцияланған ережелер жиынтығы» деп анықтайды [9]. Ғалым Н.Ю. Хаманева әкімшілік-құқықтық норма – бұл азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, мемлекеттік биліктің өкілетті органы, оның ішінде атқарушы билік органы атынан мемлекет белгілеген әлеуметтік-экономикалық, әкімшілік қоғамдық қатынастарды реттейтін мінез-құлық ережесі деп тұжырымдайды [10].

Әкімшілік-құқықтық реттеу механизмінің жалпы сипаттамасы: заң құралдарының жиынтығын білдіреді; құралдар әкімшілік-құқықтық сипатта болады; басқару қатынастары ықпал ету объектісі болып табылады; қоғам мен мемлекеттің міндеттерін шешуге бағытталған; басқару қатынастарының субъектілерін жандандырады; олардың құқықтық санасының, құқықтық мәдениетінің деңгейін арттырады; мемлекеттің мәжбүрлеу күшімен қамтамасыз етіледі [11].

Осыған сүйене отырып, әкімшілік-құқықтық реттеу механизмінің құрылымын және әкімшілік құқық принциптері, әкімшілік құқық нормалары, әкімшілік-құқықтық нормаларды ресми түсіндіру актілері және т.б. элементтерін анықтауға болады.

Туристік қызметті мемлекеттік реттеу принципі мемлекет туристік қызметті Қазақстан Республикасы экономикасының маңызды рөліне ие, туристік қызметті дамытудың басым бағыттарын анықтайтын, Қазақстан Республикасының туризмге қолайлы ел ретіндегі бейнесін қалыптастыратын және әлемдік нарықта елімізді

халықаралық деңгейде жарнамалайтын, сондай-ақ отандық туристердi, туроператорлар мен турагенттердi қолдау мен қорғауды жүзеге асыратын маңызды саласын қолдауға негiзделедi.

Туристiк қызметтi мемлекеттiк реттеудiң негiзгi мақсаттарына келесiлер жатады:

- саяхаттау барысында азаматтардың демалу құқықтарын, жүрiп-тұру еркiндiгiн және өзге де құқықтарын қамтамасыз ету;

- туристiк индустрияны дамыту, жаңа жұмыс орындарын құру, мемлекет пен халықаралық байланыстарды дамыту [12].

Туристiк қызметтер нарығының инфрақұрылымын кезең-кезеңiмен дамыту қағидаты туризм инфрақұрылымын дамыту әдiстемесiн әзiрлеудi көздейдi.

Бұл ретте ерекше маңыздылығы мынада :

- туристiк бизнес саласындағы кәсiпорындардың кооперациясын арттыру саясаты;

- туристiк қызметтер нарығындағы мемлекеттiк-жекешелiк әрiптестiк тетiктерi;

- ауылдық аумақтарда туристiк бизнестi дамыту саясаты;

- туристiк бизнес саласында жұмыспен қамтылғандардың бiлiм беру және бiлiктiлiгiн арттыру саясаты, кәсiбилiктiң өсуi.

Туризм саласы үшiн мынадай функцияларды орындайтын коммерциялық емес әрiптестiк нысанында туризм индустриясын стратегиялық дамыту орталығын құру ұсынылады:

- мемлекетпен бiрлескен әрiптестiк жобаларын әзiрлеу;

- жобаларға сараптама жүргiзу;

- жобаларға мемлекеттiк қолдау алуға үмiткерлер арасында конкурстар өткiзу.

Туристiк қызметтер нарығында қызметтер мен өнiмдердi өндiру, ұсыну және тұтыну процестерi мемлекет тарапынан мұқият зерделеудi және туризм саласын дамытудың айқын бағыттарын саралау үшiн экономикалық талдауды қажет етедi. Туристiк саланы дамытудың тиiмдiлiгiн арттырудың маңызды бағыттарының бiрi кластерлердi құру және оларды дамыту болып табылады.

Қазақстандағы туризм қызметi шамадан тыс орталықтандыруға байланысты осы сала аясында жүзеге асыру төмен тиiмдiлiкпен сипатталады. Бұл жағдайда мемлекет кластерлiк саясатты iске асыру жөнiндегi өкiлеттiктердiң бiр бөлiгiн өңiрлiк деңгейлерге беруi және кластер қатысушыларына негiзгi әрiптестердi дербес айқындауы тиiс.

Туризм индустриясы экономикалық өсудiң жаңа көзiне және экономиканың шектес салаларының дамуына мультипликативтiк әсер ететiн табысты, бизнес түрiнiң бiрiне айналады. Елiмiздегi «Қазақстан Республикасының туристiк саласын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын» жүзеге асырудың негiзгi тәсiлдерi, бұл:

- 1) Визасыз режимдер тiзiмiн ұлғайту (бүгiнгi таңда 83 ел);

- 2) Жаңа әуе жолдарының ашылуы;

- 3) Қонақ үй классификациясын жаңарту;

- 4) Гид қызметiн цифрландыру (рейтингтiк жүйе, базарларды құру) [13].

Шетелдiк тәжiрiбе: Бүгiнгi таңда әлемдiк туризм нарығында көш бастап тұрған Түркия мен Малайзия сияқты елдер Қазақстанның дамуына өзiндiк бағдар бере алады. Бұл елдердiң тәжiрiбесiне сүйенсек, салыстырмалы түрде қысқа уақыт iшiнде туристiк саланы орнықтыруда айтарлықтай жетiстiктерге қол жеткiзуге болады. Ең бастысы - туризм саласындағы оңтайлы саясат, сондай-ақ оны жүзеге асырудағы жүйелi тәсiлдiң болуы шарт.

Түркияның туризм саласындағы жетiстiгi туралы айтатын болсақ, ол мемлекеттiң қолайлы географиялық орналасуы және елдiң мәдени-тарихи ерекшелiктерiне басымдық бередi. Алайда, Түркиядағы туризм тарихына көз жүгiртсек, туризмнiң қуатты индустриясын құру кезiндегi басты үлес негiзiнен Түркия үкiметiне тиесiлi және мемлекеттiк билiк өз елiнде туристiк саланы ынталандыру және қолдау бойынша тынымсыз жұмыс атқарып келедi.

Қазақстан Түркиямен салыстырғанда мойындауымыз керек, Түркия мәдени және тарихи көрiктi жерлерге өте бай ел, десе де табиғи ландшафт пен географиялық

ерекшеліктер тұрғысынан біздің еліміз қалыс қалмайды. Қазақстанның туристік саладағы орасан зор. Қазақстан Республикасы әлемдік аренадағы көшпелі туризмді дамытуды ілгері қойған мемлекеттердің бірі. Еліміздің экономикалық әлеуетін дұрыс пайдалану үшін ғылыми тәсілге негізделген және өзге мемлекеттердің оңтайлы тәжірибесін ескеретін тиімді экономикалық саясат құру маңызды.

Елімізде әлемдік нарықтан озық деңгейде орын алатын, жоғарғы деңгейлі аймақ - Бурабай курорттық аймағын дамытудың жекелеген жүйелі жоспарлары нақтылануда. Сондай-ақ, Бурабай курорттық аймағымен қатар, иық тіресетін Алматы маңындағы тау шаңғысы курорттарының аймағы және Кендірлі теңіз демалыс аймағын да дамыту жолдарын нақтылау ұсынылады.

Екінші кезектегі деңгей - ішкі туризмге бағытталған яғни, Алакөл, Балқаш, Баянауыл, Түркістан және т.б. жерлері орналасқан курорттық аймақтық жобалар. Аталған жобалар үшін ҚР Үкіметі инфрақұрылымдық қажеттіліктерді, экономикалық-экологиялық және әлеуметтік позицияларды ескере отырып, даму жоспарын әзірлеуді қолға алуда.

Түркия мемлекетінің мысалында, туризмді ықпалды индустрияға айналдыру ең алдымен, экономикалық қарышты даму, инвестициялар тарту және қолайлы бизнес-ахуал жасау деңгейінде жүйелі шараларды талап ететінін айқын көрсетеді. Қазақстан Республикасында әзірге туризм саласын мемлекеттік қолдауды кеңейту туралы мәселесі көтерілуде, алайда бұл бағытта нақты қадамдар әлі де жоқ. Әзірге жерді пайдалану, инфрақұрылымға қол жеткізу және мемлекеттік қолдау шаралары мәселелері ғана қозғалуда. Демек, еліміз туристік индустрияны ынталандырудың тиімді модельдерін қарастыру сатысында тұр. Және де Қазақстанның қазіргі жағдайында Түркияның туризмды дамыту саясатын тікелей көшіру ұпай бермейді, өйткені еліміздің аймақтық, географиялық, экономикалық-демографиялық және әлеуметтік басымдықтары ескерілуі қажет.

Орта мерзімді перспективада елдің туризм нарығындағы негізгі көрсеткішін айтқандайтын бағыттарының бірі - көшпелі және ішкі туризм саласы болып табылады.

Саланы дамытудың негізгі шектеулері шағын бизнестің дамымауы, инвестициялардың жетіспеушілігі, инфрақұрылымның әлсіздігі, сервистің төмен деңгейі, орналастыру құралдарының жеткіліксіз дамыған желісі және билік органдарының тиімсіздігі болып қала бермек. Сондай-ақ туристік саланың дамуындағы теңгерімсіздіктің сақталуын болжауға болады, бұл ірі қалалардағы туристік фирмалардың шоғырлануынан және өңірлердің артта қалуынан көрінеді.

Түркиядағы туристік бизнесті дамытудың сипаттамаларына келетін болсақ, оның мемлекеттік органдардың да назарында болғанын атап өткен жөн. Туристік индустрияны неғұрлым тиімді дамыту үшін қолайлы экономикалық жағдайлар жасалған. Ең алдымен, бұл еркін экономикалық аймақтарды құру, несиелеудің жеңілдетілген шарттарын қамтамасыз ету, жеке секторды жандандыру және Германия капиталы тарапынан елеулі инвестициялар болып табылады. Сондай ақ туристік орталықтардағы ойластырылған кадр саясатының маңыздылығын атап өту қажет.

Туризмді дамытудағы түрік тәжірибесінің ерекшелігі - Еуропалық Одақ және ТМД елдеріндегі Түркияның туристік орталықтарын жарнамалау мәселелеріне ерекше назар аударуында болып табылады [14]. Бүгінгі күні туризм одан әрі табысты даму мүмкіндіктері бар қызметтің ерекше саласын білдіреді. Ол туристік өнімді дайындаудың күрделі және көп сатылы процесімен, туристік нарықтағы туроператорлар мен турагенттердің белсенділігімен сипатталады.

### **Қорытынды**

Қорытындылай келе, Қазақстандағы туристік саласын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру туризм индустриясының бұрын ерекше назар аударылмаған бірқатар іргелі мәселелерін шешуге мүмкіндік береді деп қорытынды жасауға болады. Сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға авторлар тарапынан бірқатар төмендегідей ұсыныстар беріледі.

Бiрiншiден, «Қазақстан Республикасындағы туристiк қызмет туралы» Заңда «туроператор» және «турагент» ұғымдарына анықтама берiлмейдi, оларды «туроператорлық» және «турагенттiк» қызметтiң қолданыстағы заңнамалық анықтамасын талдау негiзiнде анықтауға болады. Сондықтан қолданыстағы заңда белгiленген анықтамаларды бекiту қажет және бұл субъектiлер арасындағы өзара iс-қимыл тек комиссиялық келiсiмде қарастырылуы тиiс. Сондай-ақ, туристiк агенттiң азаматтық-құқықтық жауапкершiлiгiн сақтандыруды заңнамалық деңгейде қайтару қажет, туроператор банкрот болған жағдайда, турпакеттердi сатудан аз ғана комиссия алатын турагентке қаржылық ауыртпалық түседi.

Екiншiден, ҚР Заңы туристiк ұйымдардың ұйымдық-құқықтық нысандарына ерекше талаптар белгiлемейдi; сонымен қатар, бұл қызмет түрiнiң коммерциялық бағытын көрсетпейдi, яғни олар заңда қарастырылған заңды тұлғалардың кез-келген ұйымдық-құқықтық нысандарында, тiптi коммерциялық емес нысандарда құрылуы мүмкiн. Туристiк қызмет кәсiпкерлiк қызмет болып табылатынын көрсете отырып, осы олқылықты заң жүзiнде жою қажет. Мемлекет заңнамалық деңгейде туристiк қызмет Қазақстан Республикасының экономикасының басым салаларының бiрi болып танылады.

Тұтастай алғанда, туризм – әлемдiк аренада елiмiздiң оң имиджiн қалыптастыратын, iшкi экономиканы дамытудың бiрден-бiр көзi дейтiн болсақ, туризмдi әкiмшiлiк-құқықтық реттеудiң нормативтiк базасы әлi де түбегейлi жетiлдiрудi талап етедi.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТIЗIМI

- 1 Золотовский В. А. Правовое регулирование в сфере туризма. Учебное пособие для вузов. — М.: Юрайт, 2016. — 193 с.
- 2 «Туризмды дамыту – елдi дамыту». [Электрондық ресурс] — URL: <https://muzbalaq.kz/94033/> (қаралу уақыты 21.12.2024).
- 3 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әдiлеттi Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы. [Электрондық ресурс] — URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-adiletti-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdari-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333> (қаралу уақыты: 21.12.2024).
- 4 «Қазақстан Республикасындағы туристiк қызмет туралы» 2001 ж. 13 маусымдағы № 211-II Қазақстан Республикасының Заңы. [Электрондық ресурс] — URL: <https://adilet.zan.kz/eng/docs/Z010000211> (қаралу уақыты: 21.12.2024).
- 5 «Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы № 207-III Қазақстан Республикасының Заңы. [Электрондық ресурс] — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z060000207> . (қаралу уақыты: 21.12.2024).
- 6 «Қазақстан Республикасының туристiк саласын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекiту туралы» Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң 2023 жылғы 28 наурыздағы № 262 Қаулысы. [Электрондық ресурс] — URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=37207656](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37207656). (қаралу уақыты: 21.12.2024).
- 7 «Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 3 сәуiрдегi № 242-VI Заңы. [Электрондық ресурс] — URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=37278425](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37278425). (қаралу уақыты: 21.12.2024).
- 8 К.А. Кирдасинова, Г.Г. Головкин. Развитие туризма в Казахстане. Научные стремления. Выпуск 17. [Электронный ресурс] — URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/razvitie-turizma-v-kazahstane/viewer>. (дата обращения: 21.12.2024).
- 9 Бахрах Д.Н. Административное право России. Учебник. - М.: Эксмо, – 2008. – 152 с.
- 10 Административное право Российской Федерации / Отв. ред. Н.Ю. Хаманева. М.: Юрист, 2004.
- 11 Т.А. Токтыбеков. «О механизме административно-правового регулирования качества работы государственных служащих». ҚазҰУ хабаршысы. Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық сериясы. № 6 (44). 2009. 114 с.
- 12 Сенин В.С. Организация международного туризма. [Электронный ресурс] — URL: [https://tourlib.net/books\\_tourism/senin08.htm](https://tourlib.net/books_tourism/senin08.htm) (дата обращения: 22.12.2024).
- 13 «Развитие туристической отрасли в Республике Казахстан». Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан. С. 6. [Электронный ресурс] — URL: <https://kisi.kz/wp-content/uploads/2023/12/turizm-v-kazahstane-14-12-23-2.pdf> (дата обращения : 22.12.2024).
- 14 В.В. Разумный, Д. Мухаммад Абдель Хамид. «Опыт Египта и Турции в сфере развития туристического бизнеса: сравнительный анализ» Вестник ДИТБ. Серия: Экономика, 2008. №12. С.259-263.

## РОЛЬ АДМИНИСТРАТИВНО-ПРАВОВЫХ МЕХАНИЗМОВ В РЕГУЛИРОВАНИИ ТУРИСТСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ: ОПЫТ КАЗАХСТАНА И ТУРЕЦКОГО ГОСУДАРСТВА

### Аннотация

Туриндустрия является отраслью, которая положительно влияет на такие важные для страны факторы, как развитие малого и среднего бизнеса, улучшение качества жизни населения, повышение занятости и самозанятости, увеличение налоговых поступлений в бюджеты всех уровней, активное следование истории и культуре туризма, продвижение традиционных ремесел и др. По данным Национального бюро статистики, за январь-июнь 2024 года в стране побывало 566,5 тыс. туристов. Это на 50,7 тыс. человек больше, чем в 2023 году. За первое полугодие 2023 года Казахстан посетили 515,8 тыс. иностранных туристов.

Целью исследования является изучение отечественного и зарубежного опыта, сравнительный анализ с проведением комплексного анализа теоретико-правовых основ административно-правового регулирования в сфере туристской деятельности. Сфера туризма является одной из ведущих отраслей экономики стран мира, особенно Турции, Малайзии, Египта, Индии, Таиланда, ОАЭ, Испании, Франции, Греции и др. Очевидно, что обмен и получение положительного опыта развития туристской отрасли за счет государственной поддержки в данных странах будет способствовать развитию туристской инфраструктуры в нашей стране и созданию благоприятных условий для туристов, повышению качества сервисного обслуживания.

Важную роль в механизме административно-правового регулирования туризма играет эффективность применения уполномоченными органами законодательства, касающегося сферы действующей туристской деятельности, а также объективность форм и способов государственного воздействия с их стороны.

В статье предлагается совершенствование нормативной базы административно-правового регулирования туризма со стороны авторов. Также проанализированы особенности, касающиеся сферы действия законодательных актов Казахстана и Турции в сфере туризма, а также в регулировании туристской деятельности уделяется внимание деятельности и компетенции государственных органов в стране.

**Ключевые слова:** туристская деятельность, экотуризм, этнотуризм, административно-правовое регулирование, государственный контроль, турист, туроператор.

## THE ROLE OF ADMINISTRATIVE AND LEGAL MECHANISMS IN THE REGULATION OF TOURIST ACTIVITIES: THE EXPERIENCE OF KAZAKHSTAN AND THE TURKISH STATE

### Abstract

The tourism industry is an industry that positively influences such important factors for the country as the development of small and medium-sized businesses, improving the quality of life of the population, increasing employment and self-employment, increasing tax revenues to budgets of all levels, actively following the history and culture of tourism, promoting traditional crafts, etc. According to the National Bureau of Statistics, 566.5 thousand tourists visited the country in January- June 2024. This is 50.7 thousand more people than in 2023. In the first half of 2023, 515.8 thousand foreign tourists visited Kazakhstan.

The purpose of the study is to study domestic and foreign experience, comparative analysis with a comprehensive analysis of the theoretical and legal foundations of administrative and legal regulation in the field of tourism activities. The tourism sector is one of the leading sectors of the world's economies, especially Turkey, Malaysia, Egypt, India, Thailand, the United Arab Emirates, Spain, France, Greece, etc. The exchange and receipt of positive experiences in the development of the tourism industry through state support in these countries will contribute to the development of tourist infrastructure in our country and create favourable conditions for tourists, improving the quality of service.

An important role in the mechanism of administrative and legal regulation of tourism is played by the effectiveness of the application by authorized bodies of legislation relating to the sphere of current tourist activity, as well as the objectivity of forms and methods of state influence on their part.

The article proposes the improvement of the regulatory framework for the administrative and legal regulation of tourism by the authors. The features concerning the scope of the legislative acts of Kazakhstan and Turkey in the field of tourism are also analyzed, as well as in the regulation of tourism activities, attention is paid to the activities and competence of state bodies in the country.

**Keywords:** tourism activities, ecotourism, ecotourism, administrative and legal regulation, state control, a tourist, a tour operator.

## REFERENCES

- 1 Zolotovskii V.A. . [Legal regulation in the field of tourism]. Uchebnoe posobie dlya vuzov. — M.: Urait, 2016. — 193 p. [in Russian].
- 2 «Turizmdy damytu – eldi damytu». [Tourism development is country development]. Available at – URL: <https://muzbalaq.kz/94033/>. [in Kazakh]. (accessed: 20.12.2024).
- 3 Memleket basshysy Qasym-Jomart Toqaevtyñ «Ádiletti Qazaqstannyn ekonomikalyq bagdary» atty Qazaqstan khalqyna Zholdauy. [President Kassym-Jomart Tokayev's State of the Nation Address "Economic course of a Just Kazakhstan"]. Available at: — URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyñ-adiletty-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333> [in Kazakh]. (accessed: 21.12.2024).
- 4 «Qazaqstan Respublikasyndaғы turistik qyzmet turaly» 2001 zh. 13 mausymdaғы № 211-II Qazaqstan Respublikasynyn Zańy. [«On touristic activity in the Republic of Kazakhstan» The Law of the Republic of Kazakhstan dated 13 June, 2001 No. 211.]. Available at: — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000211> [in Kazakh]. (accessed: 21.12.2024).
- 5 «Mädeniet turaly» 2006 zhylғы 15 zheltoqsandaғы № 207-III Qazaqstan Respublikasynyn Zańy. [«On Culture» The Law of the Republic of Kazakhstan dated 15 December 2006 No. 207]. Available at – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z060000207>. [in Kazakh]. (accessed: 21.12.2024).
- 6 «Qazaqstan Respublikasynyn turistik salasyn damytudyn 2023 – 2029 zhyldarğa arnalğan tüzhyrymdamasyn bekitu turaly» Qazaqstan Respublikasy Ükimetiniñ 2023 zhylғы 28 nauryздағы № 262 Qaulysy. [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan No. 262 dated March 28, 2023 «On approval of the Concept for the development of the tourism industry of the Republic of Kazakhstan for 2023-2029»]. Available at: — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000262> [in Kazakh]. (accessed: 21.12.2024).
- 7 «Arñay ekonomikalyq zhāne industrialyq aimaqtar turaly» Qazaqstan Respublikasynyn 2019 zhylғы 3 säuirdegi № 242-VI Zańy. [«On special economic and industrial zones» Law of the Republic of Kazakhstan dated April 3, 2019 No. 242-V.]. Available at: — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000242> [in Kazakh]. (accessed: 21.12.2024).
- 8 K.A. Kirdasinova, G.G. Golovkin. Razvitie turizmov v Kazakhstane. Nauchnye stremlenia. Vypusk 17. [Tourism development in Kazakhstan. Scientific aspirations. Issue 17.] Available at: — URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/razvitie-turizma-v-kazahstane/viewer> [in Russian]. (accessed: 21.12.2024).
- 9 Bakhrah D.N. Administrativnoe pravo Rossii. [Administrative law of Russia] Uchebnik. M.: Exmo, 2008. [in Russian].
- 10 Administrativnoe pravo Rossiiskoi Federatsii. [Administrative law of the Russian Federation] / Otv. red. N.U. Hamanova. M.: Urist, 2004. [in Russian].
- 11 T.A. Toktibekov. «O mehanizme administrativno-pravovogo regulirovaniya kachestva raboty gosudarstvennykh sluzhashih». [On the mechanism of administrative and legal regulation of the quality of work of civil servants] QazYU habarshysy. Khalyqaralyq qatynastar zhāne khalyqaralyq qūyq seriasy. № 6 (44). 2009. P. 114. [in Kazakh].
- 12 Senin V.C. Organizatsiia mezhdunarodnogo turizma. [Organization of international tourism]. Available at: — URL: [https://tourlib.net/books\\_tourism/senin08.htm](https://tourlib.net/books_tourism/senin08.htm) [in Russian]. (accessed: 22.12.2024).
- 13 «Razvitie turisticheskoi otrasli v Respublike Kazakhstan». [Development of the tourism industry in the Republic of Kazakhstan]. Kazakhstanskii institute strategicheskikh issledovaniy pri Prezidente Respubliki Kazakhstan. P. 6. Available at – URL: <https://kisi.kz/wp-content/uploads/2023/12/turizm-v-kazahstane-14-12-23-2.pdf> [in Russian]. (accessed: 22.12.2024).
- 14 V.V. Razumnyi, D. Muhammed Abdel Hamid. «Opyt Egipta I Tursii v sfere razvitiia turisticheskogo biznesa: sravnitelnyi analiz» [Experience of Egypt and Turkey in the field of tourism business development: comparative analysis]. Vestnik DITB. Seria : Ekonomika, 2008. №12. P.259-263. [in Russian].

### Information about authors:

Kultay Adilova— **corresponding author**, candidate of legal sciences, Chief Academic Officer of the Center «Education and public development» «National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan», Almaty, Republic of Kazakhstan

E-mail: [kultay.adil@gmail.com](mailto:kultay.adil@gmail.com)

ORCID <https://orcid.org/0000-0001-6909-4509>

Saule Tassybayeva— Master of Law, Senior Lecturer at Kunaev University, Almaty, Republic of Kazakhstan

E-mail: [cool.saule81@mail.ru](mailto:cool.saule81@mail.ru)

ORCID <https://orcid.org/0000-0002-2160-0967>

Bakhytzhan Saparov - PhD, Senior Lecturer, Department of Political Science and Socio-Philosophical Disciplines, Abai University, Almaty, Republic of Kazakhstan

E-mail: [s.baha81@mail.ru](mailto:s.baha81@mail.ru)

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9151-1153>

**Информация об авторах:**

Күлтай Адилова – **основной автор**, кандидат юридических наук., главный академический сотрудник центра «Образование и общественное развитие» НАН РК при Президенте РК, г.Алматы, Республика Казахстан

E-mail: [kultay.adil@gmail.com](mailto:kultay.adil@gmail.com)

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6909-4509>

Сауле Тасыбаева – старший преподаватель Кунаевского Университета, г.Алматы, Казахстан

E-mail: [cool.saule81@mail.ru](mailto:cool.saule81@mail.ru)

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2160-0967>

Бахытжан Сапаров - PhD, старший преподаватель кафедры политологии и социально-философских дисциплин Abai University, г.Алматы, Казахстан

E-mail: [s.baha81@mail.ru](mailto:s.baha81@mail.ru)

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9151-1153>

**Авторлар туралы ақпарат:**

Күлтай Адилова– заң ғылымдарының кандидаты, ҚР Президенті жанындағы ҚР ҰҒА «Білім беру және қоғамдық дамыту» орталығының бас академиялық қызметкері, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: [kultay.adil@gmail.com](mailto:kultay.adil@gmail.com)

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6909-4509>

Сауле Тасыбаева– Қонаев университетінің аға оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан

E-mail: [cool.saule81@mail.ru](mailto:cool.saule81@mail.ru)

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2160-0967>

Бахытжан Сапаров - PhD, Саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының аға оқытушы Abai University, Алматы қ., Қазақстан

E-mail: [s.baha81@mail.ru](mailto:s.baha81@mail.ru)

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9151-1153>